

ӘУЕЗОВ УНИВЕРСИТЕТІ

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің газеті

№68 (233), қазан 2025 ж.

РЕСПУБЛИКА КҮНІ – елдік пен егемендіктің бастауы



М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде 25 қазан – Республика күні және Мемлекеттік егемендік туралы декларацияның 35 жылдығы мерейтойына арналған салтанатты іс-шара өтті. Іс-шараға Шымкент қаласы мәслихатының депутаттары, «Аманат» париясының өкілдері, университеттің профессор-оқытушылар құрамы және студенттер қатысты.



Бұл күн – қазақтың сан ғасырлық мемлекеттілік дәстүрі жаңғырған күні. Бұл – бостандық үшін күрескен бабалар арманы ақиқатқа айналған күні. Университеттің Басқарма Төрағасы-ректор Дархан Ахмед-Заки өз сөзінде айтулы күннің маңыздылығы мен құндылықтарын атап өтіп, барша қауымды ұлттық мерекемен құттықтады.

Мереке аясында отандық ғылым мен жоғары білім саласында еселі еңбек етіп жүрген бірқатар ғалымдарымыз мен қызметкерлеріміздің еңбегі еленіп, құрмет көрсетілді. Оларға ҚР ғылым және жоғары министрлігінің Құрмет грамотасы мен алғыс хаты, «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ісінің үздігі» Құрмет Дипломы, «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі табысталды. Сонымен қатар, «Аманат» партиясы және Шымкент қаласы әкімінің алғыс хаты табысталды.

Мазмұнды өткен іс-шара соңы талантты өнерпаздарымыздың рухты әндері және билерінің әсерлі концерттік бағдарламасына ұласып, мерекелік көңіл күй сыйлады.

«Ата заңым – айбыным»

Биыл – тарихи мәні зор ерекше жыл. Тәуелсіздігіміздің тірегі, тұрақтылығымыздың кепілі болған басты құқықтық құжат – Конституциямызға 30 жыл толып отыр. Бүгін М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде аталған мерейтойға орай «Ата заңым – айбыным» атты мерекелік іс-шара салтанатты түрде аталып өтті. Мерекеге құқық қорғау органдарының өкілдері, профессор-оқытушылар құрамы, оқу ордасының қызметкерлері және студенттер қатысты. Әуелі Мемлекеттік Ту сахна төріне салтанатты түрде шығарылып, Әнұран орындалды. Университеттің Басқарма Төрағасы-ректор Дархан Ахмед-Заки құттықтау сөзінде Ата заңымыздың құндылығына тоқталып, жиналған барша қауымды мерекемен құттықтады. Шара барысында

Шымкент қаласы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаментінің Ұйымдастыру-бақылау басқармасының басшысы, экономикалық тергеу қызметінің полковнигі Дәурен Тұрғынбай арнайы құттықтауын жеткізіп, құқықтық мәдениеттің маңыздылығына тоқталды. Мереке аясында еліміздің ғылым және білім саласының өркендеуіне және оқу ордамыздың дамуына үлесін қосып жүрген



бірқатар ғалымдар мен қызметкерлер ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Алғыс хаты, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ісінің Құрмет дипломы, «Ғылым үздігі» дипломы, «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен, «Ахмет Байтұрсынұлы» төсбелгісімен және ректордың алғыс хатымен марапатталды. Оқу ордасының талантты өнерпаздары мерекелік шара барысында ұлттық би билеп, патриоттық әндер шырқап, көрерменге керемет көңіл-күй сыйлады.

Ұстазға құрмет - бәрінен биік!



Ұстаз – ұлы есім. Ұстазға деген құрмет бәрінен биік тұрады. Бүгін М.Әуезов атындағы ОҚУ-де ҚР жоғары білім қызметкерлерінің күні және Ұстаздар күні мерекелеріне орай «Ұстазға құрмет» тақырыбында салтанатты іс-шара ұйымдастырылды. Мерекелік жиында университеттің академиялық мәселелер жөніндегі проректоры Ернар Иманғалиұлы барша ұлағатты ұстаздарды кәсіби мерекемен құттықтап, білім мен ғылым саласындағы өлшеусіз еңбектері үшін ризашылығын білдірді. Іс-шара аясында оқу орнының дамуына, жас ұрпақты тәрбиелеуге және ғылымға сүбелі

үлес қосқан профессор-оқытушылар құрамы «Аманат» партиясының Алғыс хатымен, сондай-ақ университет ректорының Құрмет грамотасы және Алғыс хаттарымен марапатталды. Өнерпаздарымыз концерттік бағдарламасын ұсынып, ән мен биден шашу шашты.



«Таза Қазақстан» – таза ой, таза болашақ!



М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Жастар орталығы жалпыұлттық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында Түркістан облысы, Төле би ауданындағы «Төле би» саябағында экологиялық іс-шара өткізді. Әуезов жастары табиғатты қорғау мен экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында арнайы бөлінген орынға көшет отырғызып, сол қатарға «Әуезов жастары» деген жазуы бар тақтайша орнатты. Сонымен қатар саябақ аумағында тазалық және абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Бұл іс-шараның тәрбиелік және экологиялық мәні жоғары, жастардың табиғатқа деген жауапкершілігін арттырып, экологиялық мәдениетті дамытуға бағытталды. Акцияға университеттің көшбасшы студенттері, факультет пен жоғары мектеп сенаторлары және жастар ұйымдарының жетекшілері белсенді қатысты.





Танымал театр актерлері — Әуезов университетінде қонақта болды



Астана қаласы «Жастар» театрының талантты актерлері — Назерке Серікболова мен Мейірғат Амангелдин М.Әуезов атындағы ОҚУ-ға арнайы келді. Университетті аралап, телестудия жұмысымен танысқан қонақтар студенттермен еркін форматта жылы жүздесу өткізді. Көптің көңілінен шыққан «Таптым... Ғашық болдым... Жоғалтым...» мюзиклінің басты кейіпкерлері студент жастардың

сұрақтарына шынайы әрі әсерлі жауап беріп, өнер жолындағы тәжірибелерімен бөлісті. Кездесу соңында университетіміздің Қоғаммен байланыс және мәдениет жөніндегі проректоры Садыбек Қалмаханұлы құрметті қонақтарға университет атынан зор алғысын білдіріп, естелік сыйлықтар табыстады. Бұл — театр мен жастар арасын жақындатқан жарқын әрі мазмұнды кездесу болды.

Республикалық ғылыми байқауда 4 студентіміз топ жарды!

М.Әуезов атындағы ОҚЗУ «Мәдениет және өнер» факультетінің студенттері Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары студенттерінің арасында өткен Республикалық ғылыми-зерттеу жұмыстары байқауында топ жарды. 6B01402 - «Визуалды өнер, көркем еңбек, графика және жобалау» білім беру беру бағдарламасы бойынша Маханбет Жансая Нұржанқызы мен «Кәсіптік оқыту» БББ бойынша Салимбаева Айгерім Маратқызы (Ғылыми жетекшісі: С.Жолдасбекова) 1 орын алды. 6B011101 «Мәдени тынығу жұмысы» маман-

дығы бойынша Мерей Әзімбек (Ғылыми жетекшісі: Қ.Жолдасбекова) және 6B01402 «Музыкалық білім» мамандығы бойынша Аружан Данияр (Ғылыми жетекшісі: М.Тұрсынбаева) 3 орынға ие болды. Ғылыми ізденіс жолындағы студенттерімізге ҚР Ғылым және білім вице-министрі Т.Ешенқұловтың дипломы табысталды. Республикалық ғылыми-зерттеу байқауында топ жарған студенттерімізді шын жүректен құттықтаймыз!

“Визит” зауыты студенттерімізге білім грантын ұсынды

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті мен «ВИЗит алкогольсіз сусындар зауыты» ЖШС-і арасындағы ынтымақтастық жақсы жолға қойылған. Екі тарап арасындағы келісім негізінде жастарды қолдау, білім беру саласын дамыту және әлеуметтік маңызы бар бастамаларды қолдау бойынша маңызды жұмыстар қолға алынған. Сондай қолдаудың бірі 2025-2026 оқу жылында отандық зауыт Әуезов университетінің 4 студентіне оқу грантын ұсынды. Экономика, маркетинг және әлеуметтік жауапкершілік салаларындағы жобалар мен тәжірибе алмасуға негізделген меморандумда «Экономика» және «Маркетинг» мамандығын бітіруші курс студенттеріне 1 жылдық оқу ақысын төлеу гранты, оқу практикасын зауыт объектісінде өткізу және ары қарай жұмыспен қамту жұмыстары көзделген. Бірнеше критерииден тұратын сараптаудан лайықты студенттерді анықтау үшін өндіріс және университет қызметкерлерінен тұратын арнайы комиссия құрамы бекітілді (№54-нқ, 03.09.2025ж). Грант иегерлерін таңдау жұмысы екі кезеңнен тұрды. Нәтижесінде ЭФ-22-3к тобының студенттері - Ақбата Есен, Нұрсұлтан Дүйсенбай; ЭФ-22-1р тобының студенті - Эльвина Кадырғұлова; ЭФ-22-1к2 тобының студенті - Бақжан Абдыкадыр грант иегері атанды. Студенттерімізге «ВИЗит» зауыты 1 жылдық оқу ақысын төлейтін болады. Ары қарай зауытта жұмысқа орналасу мүмкіндіктері де ұсынылады. Білімді жастарды жеңістерімен құттықтаймыз!!!

Лаура Нишанбай кикбоксингтен Әлем кубогының үш дүркін чемпионы атанды!

Тағы бір үлкен жеңіс! М. Әуезов атындағы ОҚУ-дың Спорт және туризм факультетінің СТ-23-3р тобының студенті Лаура Нишанбай Ташкент қаласында өткен кикбоксингтен ересектер арасындағы Әлем кубогында жеңіске жетті. Ол үш дүркін чемпион атанып, университет пен еліміздің атын халықаралық деңгейде абыроймен қорғады. Бұл жетістік - Лаураның еңбегі мен табандылығының нәтижесі. Университет ұжымы мен



оқытушы-профессорлар құрамы студентімізді жеңісімен шын жүректен құттықтайды. Лаураға алдағы уақытта да толағай табыс, жаңа жетістіктер тілейміз.



М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті мен Arizona State University стратегиялық әріптестікті нығайтуда



М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің делегациясы стратегиялық ынтымақтастықты дамыту аясында 2025 жылғы 23–26 қыркүйек аралығында АҚШ-тағы Arizona State University (ASU) университетіне іссапармен барды.



Іссапар бағдарламасы ASU профессорлық-оқытушылық құрамы мен студенттеріне арналған М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті туралы презентациямен танысуды, сондай-ақ Melikian орталығы, Global Launch, Dreamscape және E-Sports Lounge сияқты инновациялық инфрақұрылым нысандарын аралауды қамтыды. Сапар барысында ерекше назар Arizona State University қолдауымен М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті базасында іске қосылуы жоспарланған Honors College бірлескен жобасын жүзеге асыру мәселелеріне аударылды. Сонымен қатар, қос дипломды білім беру бағдарламаларын енгізу перспективалары, оқу жоспарларын әзірлеу, кредиттерді трансферттеу жүйесін жетілдіру және



студенттердің академиялық ұтқырлығын арттыру тетіктері жан-жақты талқыланды. Делегация сондай-ақ ASU-дың EdPlus, Brand Team және Инженерия мектебінің басшылығымен кездесіп, онда цифрлық білім беру бастамалары, онлайн оқыту және инженер мамандарды даярлаудың заманауи тәсілдері қарастырылды. Маңызды бағыттардың бірі ретінде стратегиялық серіктестікті нығайту мақсатында Global Academic Initiatives офисімен ынтымақтастықты дамыту мәселелері де талқыланды. Сапар қорытындысы бойынша тараптар Honors College жобасын жүйелі түрде іске қосу, қос дипломды бағдарламаларды дамыту және академиялық алмасуды кеңейту туралы келісімге келді.

М. Әуезов атындағы ОҚУ-дың жас ғалымы жаһандық ғылыми алаңда!

PhD докторы, «Су сапасын мониторингілеу және сулы технологиялар» ғылыми-зерттеу зертханасының меңгерушісі Еркебұлан Райымбеков Жапонияның Киото қаласында өткен Science and Technology in Society (STS) Forum 2025 беделді халықаралық форумында университетімізді лайықты таныстырып қайтты. Бұл жыл сайынғы шараға әлемнің түкпір-түкпірінен көрнекті ғалымдар, саясаткерлер және бизнес көшбасшылары қатысады. Форум барысында Нобель сыйлығының лауреаттары, ғылыми академиялардың президенттері, министрлер мен трансұлттық компаниялардың жетекшілері баяндама жасады.

Еркебұлан Райымбековтың осындай деңгейдегі форумға қатысуы Қазақстан ғылымының жоғары әлеуетін көрсетеді және халықаралық ғылыми ынтымақтастықты дамытудағы маңызды қадам болып табылады.

Жас ғалымға табыс, тың идеялар және жемісті әріптестіктер тілейміз!



МҰНАЙГАЗ САЛАСЫ ҮШІН ЖОҒАРЫ ДӘРЕЖЕДЕ КАДРЛАР ДАЯРЛАУ – БАСТЫ МІНДЕТТЕРДІҢ БІРІ

Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылғы 8 қыркүйекте «Қазақстан жасанды интеллект дәуірінде: цифрлық трансформация арқылы өзекті міндеттер мен оларды шешу жолдары» атты Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауында заманауи цифрлық технологияларға және оларды түрлі салаларда, соның ішінде өнеркәсіпте енгізуге ерекше назар аударды. Президент бейінді ведомстволарға жер қойнауының бірыңғай цифрлық картасын жасауды тапсырды. Бұл республика кен орындарының әлеуетіне жаңа көзқараспен қарауға және жаңа инвесторларды тартуға мүмкіндік береді. Бұл мәселеде халықаралық сараптаманы қолдану ұсынылады.

Мемлекет басшысы мұнайгаз саласына қатысты Атырауда газдыхимия кешені мен Павлодарда газөңдеу зауытының уақтылы іске қосылуын күтетінін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, ілеспе және сұйытылған мұнай газын өнеркәсіптік кәсіпорындарды қамтамасыз ету үшін толыққанды экономикалық ресурсқа айналдыру қажет. Күн тәртібіндегі тағы бір маңызды мәселе – кадрлардың тапшылығы. Көптеген салаларда жоғары білікті мамандар жетіспейді. Сонымен қатар, көптеген бос жұмыс орындарын шетелдік азаматтар алады. Соңғы жылдары еліміздің мұнай өңдеу саласын жаңғырту процесі жоғары оқу орындарын кадрлар даярлау тәсілдерін қайта қарауға мәжбүр еткені белгілі. Алайда, мамандарды даярлау деңгейі нарық қажеттіліктерінен әлі де артта қалып отыр.

Естеріңізге сала кетейік, Қазақстанда 2025 жыл жұмысшы мамандықтар жылы болып жарияланды. Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде олардың беделін арттыру, экономиканың нақты секторына, яғни өндіріске көбірек жастарды тарту қажеттігін тағы да атап өтті.

Қазақстан Республикасының энергетика министрі Ерлан Ақкенженовтың айтуынша, Қазақстан таяу жылдары мұнай өндіру көлемі бойынша тарихта алғаш рет жылына 100 миллион тонна мөлшерін еңсереді. Министр сонымен бірге, Қазақстан қазірдің өзінде көмірсутек шикізатын тереңдетіп өңдеуге белсенді көшу процесіне толығымен дайын екендігін атап өтті. Мұнай өңдеу саласын дамытудың бекітілген тұжырымдамасы шеңберінде біздің елдегі 3 мұнай өңдеу зауытының (МӨЗ)

қуатын жылына 18-ден 29 млн тоннаға дейін кеңейту көзделіп отыр. Атап айтқанда, Шымкент МӨЗ қуаты 12 млн тоннаға, ал Атырау және Павлодар МӨЗ қуаты сәйкесінше 6,7 және 9 млн тоннаға дейін жеткізілетін болады. Бұл бізге К5 жоғары экологиялық класты мотор отындарын өндіруге және одан әрі К6 класы туралы, сондай-ақ Jet A-1 халықаралық стандартындағы авиациялық отын туралы ойлауға мүмкіндік береді.

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Басқарма Төрағасы - ректор Д. Ж. Ахмед-Заки «Механика және мұнайгаз ісі» факультетінің ұжымымен кездесуде факультет ғалымдарының алдына бірқатар нақты міндеттер қойды. Сонымен қатар, Дархан Жұмақанұлы ғалымдардың назарын көмірсутек кен орындарын игеру және өндіру,



оның ішінде тақтатас мұнайын өндіру бойынша перспективалық технологиялармен байланыстыру бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізуге көңіл бөлді. Олардың мазмұнын өндіріс қажеттіліктеріне барынша жақындату мақсатында білім беру бағдарламаларын жаңарту міндеті қойылды.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты жоғары білікті кадрларды даярлау және адам ресурстарын дамыту басым міндеттердің бірі болып табылады, оларды шешу біздің еліміздің тұрақты экономикалық дамуы және оны әлемдік экономикалық кеңістікке интеграциялау үшін таптырмас шарт. Қазіргі қоғамның құрылымдық өзгерістері елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын толыққанды кадрлармен тиімді қамтамасыз ету мәселесін өзекті етті. Қазіргі уақытта еңбек нарығының жұмысшылар мен мамандарға деген белгілі бір қажеттіліктері мен ұсынылатын еңбек қызметтері, соның ішінде жоғары оқу орындарының түлектері арасындағы қайшылық күшейе түсті. Жұмыс күшінің сұранысы мен ұсынысының құрылымын сәйкестендіру қажеттілігі туындайды. Осыған байланысты кәсіптік білім беру жүйесінің еңбек нарығымен тиімді өзара іс-қимылы ерекше маңызға ие болады.

Жоғары оқу орындарының, орта арнаулы оқу орындарының түлектерін даярлау саласындағы ынтымақтастықты жандандыру, студенттердің мұнайгаз өнеркәсібі кәсіпорындарда практикадан өту мерзімін ұлғайту қажет. Бұл міндет бір күндік емес және оны шешу үшін елдің мұнайгаз секторына мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарының еңбек ресурстарын қалыптастыру процесіне енгізумен байланысты болады.

Бұл міндеттің негізгі мақсаты - уақыт талаптарына сәйкес келетін, экономикалық және әлеуметтік салаға оң өзгерістер енгізуге қабілетті, бизнесті ұйымдастыруға және нақты өңірлер мен өндірістер жағдайында жұмыс істеуге, кәсіпорындар мен аумақтардың ресурстық-инновациялық саясатының іс-шараларын әзірлеуге және тәжірибеде өткізуге дайын білікті кәсіби қызметкерді даярлау.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті еліміздегі ең ірі университеттердің бірі, оның қабырғасында 1968 жылдан бастап мұнайгаз саласына маман даярлау жүзеге асырылуда.

Мамандарды даярлауда халықаралық сапа стандарттарының деңгейіне шығу үшін біз бірқатар негізгі міндеттерді анықтаймыз. Бұл, ең алдымен, шетелдік жоғары оқу орындарында жұмыс істейтін мұнайгаз саласының жетекші халықаралық мамандарынан тәжірибе алуды жеделдету, оқытудың инновациялық технологиялары, білім беру және мамандардың жаңа түрін қалыптастыру. Сонымен, бірнеше жылдан бері

біз университеттің ресурстық орталығының оқу - әдістемелік мультимедиялық материалдарының интернет-технологияларын қолданамыз, онда мұнайгаз саласы бойынша көптеген заманауи ғылыми, оқу-әдістемелік әдебиеттер шоғырланған.

Мұнайшы, көптеген басқа салалар сияқты, нақты жұмыс істейтін функционалдық тізбек бойынша - іргелі зерттеулерден технологиялық жаңғырту мен серпінді шешімдерге дейін дамуы керек. «Мұнайгаз ісі» кафедрасының ғалымдары отандық мұнайгаз саласына аса қажет болатын бірқатар бағыттар бойынша зерттеулер жүргізуде. Зерттеулер мұнайды



даярдау, тасымалдау технологиясы, мұнайгаз геохимиясы, әртүрлі агенттерді айдау кезінде коллекторлардың қасиеттерін зерттеу, мұнайды ығыстыру технологиялары және мұнай алу коэффициентін арттыру және т.б. бойынша өзекті мәселелерге бағытталған. Кафедра студенттері, магистранттары мен докторанттары осы жұмыстардың белсенді қатысушылары болып табылады.

Білімге негізделген заманауи өндіріс жоғары оқу орындарынан оқыту әдістемесін тез өзгертуді, заманауи оқыту технологияларын қолдану ауқымын кеңейтуді талап етеді. Осы тенденцияларды ескере отырып, оқыту курстардың мазмұнында кәсіпкерлік идеяларды қолдануға, жаратылыстану және техникалық ғылымдарды зерттеуге проблемалық бағытталған пәнаралық көзқарасқа; білім беру бағдарламаларын модуляциялауға негізделуі керек. Нақты және жеделдетілген уақытта бұрғылау процестерін, түсіру-көтеру операцияларын, ұңғымаларды реагенттермен өңдеуді, ұңғымаларды пайдалануды және басқа да операцияларды имитациялауға мүмкіндік беретін оқу тренажерларын кеңінен пайдалану қажет, бұл білім алушыларға ұңғымада болып жатқан тікелей бақылаудан жасырылған процестерді монитор экранында көруіне мүмкіндік береді.

Биылғы жылы университетіміздің зерттеу университетіне трансформациясы сәтті өтті. Ғылыми-педагогикалық персоналдың

табысты жұмыс істеуінің және ұтқырлықты арттырудың шарты болып табылатын бөлімшелердің мамандану үрдісі барған сайын айқын көрінеді. Университеттің ғылыми-зерттеу институттары мен зертханаларының ашылуы, оқыту мен зерттеудің тығыз интеграциясын қамтамасыз етті. Осы жетістіктердің барлығы соңғы онжылдықтар бойы біз ұмтылып келе жатқан Ұлттық университет мәртебесін алудың алғышарттары болып табылады.

Біз қандай кадрларды дайындайтынымызға, ертең республиканың мұнайгаз секторын қандай мамандар басқаратынына байланысты болады.

еңбек нарығында сұранысқа ие және өндірістің нақты жағдайларына тез бейімделеді. Мұндай тәжірибе біздің түлектерді жұмысқа орналастыру мәселесін шешуге мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта түлектеріміздің 85% - дан астамы жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін бір жыл ішінде жұмысқа орналасады. Нарық жағдайында бұл өте жоғары көрсеткіш деп санаймыз.

Айта кету керек, Қазақстан мұнайшыларының кадр тапшылығы барлық уақытта дерлік сезілді. Қазір, бұрынғыдай, бұл мәселе шетелден инженер-технологтарды, IT - мамандарды, менеджерлерді басшылық лауазымдарға шақыру арқылы шешіледі. Мұнай өндіру және мұнай өңдеу кәсіпорындарын автоматтандыруға байланысты өндірісте адамның қатысуы қажеттілігін азайтуға мүмкіндік беретін технологиялар қолданылады. Бірқатар кен орындарында мұнай өндіру мен дайындау процесін дербес басқаратын және бақылайтын аспаптармен жабдықталған «ақылды ұңғымалар» пайдаланылады. Мұндай қондырғылар жаңартылған мұнай өңдеу кәсіпорындарға да енгізілуде. Қалыптасқан жағдайға сүйене отырып, М. Әуезов атындағы ОҚУ-да мұнай мамандықтарында жұмыс берушілермен бірлесіп отырып, жаңа білім беру бағдарламаларын әзірледі, онда бітіруші мамандардың құзыретіне қойылатын негізгі талаптар баяндалды. Өткен 5 жыл ішінде университет кафедралары бакалавриат, магистратура және докторантураны оқыту бағдарламалары бойынша өндіріс қажеттіліктеріне бағытталған білім беру бағдарламаларын әзірледі. Біздің ойымызша, бұл білім беру бағдарламалары мұнайгаз саласының мамандарына қойылатын қазіргі талаптарға жауап береді. Бұл іс-шаралар белгілі бір дәрежеде қазіргі заманғы шындыққа неғұрлым дайын білікті кадрлардың мұнайгаз саласына келуіне ықпал ететін болады.

Осылайша, қазіргі уақытта Үкімет Қазақстан Республикасының мұнайгаз саласындағы проблемаларды шешу үшін бірқатар шаралар қабылдауда. Бүгінгі таңда көмірсутек шикізатын өндіру, тасымалдау және өңдеу саласындағы басты проблемаларға қазақстандық мамандандырылған кадрлардың тапшылығы жатады. Айта кету керек, өзекті мәселелерді ойдағыдай шешу үшін өңірлерде мектеп орындығынан бастап, жоғары оқу орнына дейінгі мамандарды даярлаудың толық циклін құру қажет. Жоғарыда аталған мәселелерді уақтылы шешу, біздің ойымызша, осы саланы еліміздің мұнайгаз саласының кәсіпорындарында табысты жұмыс істейтін даярланған мамандармен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

К.С. НАДИРОВ, Г.Ж. БИМБЕТОВА
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

Наши профессора на международной конференции в Чирчике

Представители профессорско-преподавательского состава Южно-Казахстанского исследовательского университета имени М. Әуезова приняли участие в международной научной конференции «Современные инновационные технологии в спорте», которая прошла в конце сентября в городе Чирчик и была посвящена 70-летию Узбекского государственного университета физической культуры и спорта.

Члены делегации передали поздравления юбилярам от руководства шымкентского вуза, выступили с докладом и обсудили вопросы сотрудничества университетов двух стран.



Юбилейная конференция

В честь отмечаемого в этом году 70-летия Узбекский государственный университет физической культуры и спорта (УзГУФКС) – ключевой центр спортивного образования в Узбекистане, единственное базовое высшее учебное заведение республики, готовящее высококвалифицированных тренеров по спорту, – организовал международную научную конференцию «Современные инновационные технологии в спорте». Ее цель состояла в обсуждении проблем и перспектив применения современных инновационных технологий в сфере физической культуры и спорта профессионалами сферы – экспертами, учеными, преподавателями, докторантами и аспирантами, научными сотрудниками, тренерами, специалистами и руководителями в области физической культуры и спорта Узбекистана, представителями органов, а также учеными из зарубежных стран.

Так, в конференции участвовали представители Кельнского спортивного университета (Германия), Шаньдунского университета (Китайская Народная Республика), Национального государственного

университета физической культуры, спорта и здоровья имени П. Ф. Лесгафта (Российская Федерация), Стамбульского университета Айдын (Турция), ряда вузов из Центральной Азии. Казахстан представляла делегация ученых из ЮКИУ им. М.Ауэзова во главе с кандидатом технических наук, профессором, руководителем учебно-методического объединения республиканского учебно-методического Совета Министерства науки и высшего образования РК при ЮКИУ им. М.Ауэзова Гаухар Туребековой.

На церемонии открытия конференции она зачитала поздравление с 70-летним юбилеем, адресованное руководству и профессорско-преподавательскому составу Узбекского государственного университета спорта и физической культуры университета от имени Председателя Правления – Ректора ЮКИУ им. М. Ауэзова Дархана Ахмед-Заки и коллектива: «Все эти годы ваш вуз неустанно трудился на благо развития большого спорта, науки, высшего образования и физической культуры, внося значительный вклад в укрепление сотрудничества между нашими двумя странами. Спорт – это важная часть здоро-

вого образа жизни. Мы высоко ценим, что ваш вуз вносит большой вклад в развитие здоровья, силы воли, образования и науки. Пусть наше сотрудничество, дружба, связи и общие цели продолжают успешно реализовываться. Желаем успеха вашим будущим планам, направленным на укрепление дружбы между нашими братскими странами! Профессорско-преподавательскому составу университета – благополучия и больших успехов, неиссякаемой удачи и сил! Пусть ваши добрые дела приносят пользу и всегда будут поддержаны общественностью».

Конференция длилась два дня. В первый день после церемонии открытия прошла пленарная сессия, а затем – культурная часть мероприятия. Во второй день состоялись отраслевые секционные заседания, на которых актуальные вопросы спортивной науки, системы образования, здорового образа жизни и инновационных подходов обсуждались по профилю, более конкретно и специализированно.

В частности, заседания прошли по таким направлениям: «Инновации и современные технологии в спортивной тренировке», «Спор-

тивная психология», «Физическое воспитание в системе образования: проблемы и перспективы», «Медико-биологические основы спортивной деятельности», «Олимпийское движение: история и современность», «Инклюзивное и адаптивное физическое воспитание», «Проблемы и перспективы физического воспитания детей и подростков», «Проблемы и перспективы женского спорта».

Важная тема для всего региона

В работе 1-2 секции (Инновации и современные технологии в спортивной тренировке, спортивная психология) участвовали шымкентские ученые. Так, с докладом «Физическое воспитание в обществах Центральной Азии в раннем средневековье» выступил доктор педагогических наук, академик, профессор кафедры «Физическая культура и НВП» ЮКУ им. М.Ауэзова Бауыржан Доскараев (соавторы – доктор психологических наук, кандидат экономических наук, профессор кафедры «Международные отношения» факультета юриспруденции ЮКИУ им. М.Ауэзова Тастан Тастанбек и Гаухар Туребекова).



В этой работе дан системный анализ физического воспитания в обществах Центральной Азии в раннем Средневековье, освещены формы, функции и историко-культурные особенности физической подготовки населения региона. Как отметил в начале своего выступления Доскараев, это очень важная и актуальная тема, так как прежде по идеологическим и другим причинам утверждалось отсутствие в нашем регионе физического воспитания.

В частности, он привел высказывание автора «Всеобщей истории физической культуры и спорта» Куна Ласло о том, что в этой сфере Центральная Азия была «застывшей точкой мира». Предваряя опровержение и утверждение обратного, докладчик заявил: «Амир Темур не смог бы завоевать полмира без физической подготовки своих воинов!».

В представленном им исследовании рассматриваются археологические и исторические источники, подтверждающие значимость фи-

«Проведенный анализ позволяет утверждать, что физическое воспитание в обществах Центральной Азии имело системный и многофункциональный характер, – отметил он. – Оно не ограничивалось подготовкой к военным действиям, а служило важным элементом социализации, формирования коллективной идентичности и политико-идеологической устойчивости. Сравнение с античными культурами показывает наличие сходных элементов – например, использование игр и состязаний для демонстрации доблести и мужества. Однако в Центральной Азии эти практики тесно переплетались с родовой структурой, обрядовостью и культурами предков. Это подчеркивает уникальность и самобытность физической культуры региона».

Как заключил Доскараев, физическое воспитание в обществах Центральной Азии в раннем Средне-

обходимость широкого внедрения инновационных подходов в систему спорта и физического воспитания, международного опыта в практику и усиления научных исследований, прошла на высоком уровне. Ее организаторы уверены, что это мероприятие значимо не только для истории университета, но и для спортивной отрасли всей страны. Выводы, высказанные в рамках заседаний конференции, послужат важной программой развития спортивного образования и науки в Узбекистане, формирования здорового образа жизни подрастающего поколения и расширения международного сотрудничества.

Как отмечается в сообщении организаторов конференции, активное участие зарубежных профессоров в рамках конференции создало широкие возможности для укрепления научного сотрудничества, создания совместных проектов и

тических отношений между двумя государствами. Событие было приурочено к 80-летию Aueзов University.

На данный момент между двумя вузами уже идет обмен преподавателями в рамках академической мобильности. Сам Бахром Мусаев уже два раза приезжал в Шымкент. «Я читал модульные лекции по своему направлению для бакалавров факультета физкультуры и спорта университета им. Ауэзова, – проинформировал он. – Моя тема диссертации – «Концепция оздоровления населения». На лекциях мы разбирали опыт Узбекистана».

Узбекистанский ученый также рассказал, что стороны хотели открыть совместную образовательную программу (СОП). «Но у нас не получилось с бакалаврами, потому что учебные планы не совпадают, – пояснил он. – А на уровне магистратуры это возможно. У нас уже есть такой опыт с Белоруссией: действуют совместные программы по принципу «3 + 1» и «1+1».

По словам Гаухар Туребековой, этот вопрос конкретно обсуждался с деканатами факультетами, руководителями кафедр, учебной частью и получил одобрение руководства. По итогам же нынешней поездки в Чирчик, как она сообщила, будет предложено отправлять наших студентов в УзГУФКС в рамках академической мобильности, приглашать для чтения лекций в Шымкент узбекистанских ученых и наоборот – отправлять казахстанских в Узбекистан.

Профессор Туребекова также считает необходимым активизировать научное сотрудничество, в том числе в сфере защиты диссертаций шымкентских ученых в УзГУФКС. Тем более что первый шаг в этом направлении уже сделан. По данным Мусаева, недавно у них защитил кандидатскую диссертацию представитель ЮКИУ, сейчас ожидается подтверждение в ВАКе.

В беседе профессоров двух вузов также поднимались вопросы включения шымкентских ученых в Совет по защите диссертаций УзГУФКС, подготовки и публикации совместных научных трудов в научных журналах вузов, разработки совместных научных грантовых проектов и т.д. «В первую очередь надо развивать сотрудничество в сфере науки, – подчеркнул Бахром Мусаев. – Это один из критериев международного рейтинга».

Он добавил, что сотрудничество идет и в хозяйственной сфере. Так, филиал ЮКИУ им. М. Ауэзова в соответствии с договором скоро будет арендовать у чирчикского вуза учебные аудитории и комнаты в общежитии. «У нас есть много точек соприкосновения, – резюмировал собеседник. – Нужно просто над этим работать. Мы к этому готовы!».

Готова, как заверила Туребекова, и казахстанская сторона.

Лаура КОПЖАСАРОВА



зической подготовки в структуре социальной и военной культуры ЦА. На их основе охарактеризованы формы и методы физической подготовки. Особое внимание уделяется верховой езде, охоте, борьбе, воинским играм и соревнованиям, а также их идеологическому значению.

Сравнение с античными практиками, в частности Римской империи, демонстрирует универсальные и уникальные черты физического воспитания региона. Таким образом, поделился выводами спикер, физическая подготовка в обществах Центральной Азии была комплексной и многоуровневой системой, включающей прикладные, символические и воспитательные элементы. Она обеспечивала не только физическую выносливость, но и формировала моральные и поведенческие качества, необходимые для воина и члена общины.

вековье являлось важнейшим компонентом культурной, военной и социальной системы: «Оно формировало не только физические качества, но и воспитывало моральные установки, верность родовым ценностям, уважение к старшим и готовность защищать общину. На основе археологических, исторических и культурных данных можно утверждать, что физическая культура Центральной Азии отличалась высокой степенью интеграции в повседневную жизнь и служила одним из столпов устойчивости обществ региона».

Выступление шымкентского ученого вызвало огромный интерес, коллеги из разных стран задавали много вопросов. В свою очередь шымкентская делегация активно участвовала в обсуждении докладов других участников секции.

В целом, научная конференция, ключевой идеей которой стала не-

публикации совместных научных статей в будущем. Проректор по научной работе и инновациям УзГУФКС Шукурджон Газиев подчеркнул, что конференция направлена не только на обсуждение актуальных научно-теоретических и методических вопросов современных инновационных технологий в спорте, но и на обмен опытом, укрепление международных отношений и связей.

Сотрудничество двух вузов

В дни проведения конференции за пределами рабочей повестки в неофициальной обстановке обсуждались и вопросы сотрудничества УзГУФКС с ЮКИУ. Меморандум о сотрудничестве между вузами был подписан несколько лет назад, но активное взаимодействие началось с прошлого года.

Заведующий кафедрой «Социально-гуманитарные дисциплины» УзГУФКС, доктор педагогических наук (DSc), профессор Бахром Мусаев связывает это с открытием летом 2024 года в Чирчике филиала Южно-Казахстанского исследовательского университета имени М. Ауэзова. Напомним, филиал открылся на основе соглашения по итогам встречи Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева и Президента Республики Узбекистан Шавката Мирзиёева в честь 30-летия установления диплома-




НАШ ВЫПУСКНИК – НАША ГОРДОСТЬ

Серикбаев Болатжан Ермаханович

Выпускник Казахского химико-технологического института 1979 года.

Серикбаев Болатжан Ермаханович родился 12 марта 1957 года в городе Турткуль Каракалпакской АССР в семье рабочего. После окончания средней школы в 1974 году поступил на механический факультет (специальность «Механическое оборудование предприятий строительных материалов, изделий и конструкций») Казахского химико-технологического института. Студент Серикбаев Б.Е. был Ленинским стипендиатом. В 1977 году за отличную учебу и активное участие в общественной жизни института и в научной работе был удостоен чести сфотографироваться в Гербовом зале Кремля. Избирался членом комитета комсомола Казахского химико-технологического института и секретарем комсомольской организации механического факультета.

После окончания института (с отличием) в 1979 году Серикбаев Б.Е. был избран секретарем комитета комсомола инженерно-строительного факультета КазХТИ. В 1981-1983 годах проходил воинскую службу в качестве замполита роты 811 военно-строительного отряда в городе Джамбуле. После службы в рядах Вооруженных сил в 1983 году избирался председателем профкома студентов КазХТИ.





На базе широкой инженерной эрудиции им опубликованы труды и получены патенты по хлопкопрядению и оборудованию по прядению хлопка-волокна, а также в других отраслях народного хозяйства (строительство, общая механика и др.). В 2017 году на Республиканский конкурс предложено изобретение «Ветрогенератор с вертикальным валом».

Серикбаев Б.Е. 1993 года (с перерывами) работает старшим преподавателем, доцентом КазХТИ (ЮКТУ, ЮКГУ им. М.Ауэзова). Был заместителем декана факультетов дневного и заочного отделений. Работал проректором по учебной работе, деканом в ряде вузов города Шымкента. В данное время доцент кафедры «Механика и машиностроение» ЮКУ им. М.Ауэзова.

Серикбаев Б.Е. принимает активное участие в выполнении научных Проектов по заказу Комитета науки МОН РК. Эти работы, в частности, посвящены механоактивации процессов помола при производстве вяжущих материалов, а также использованию техногенных отходов в качестве интенсификаторов помола.

Серикбаев Б.Е. выполняет большую общественную работу. Является председателем Согласительной комиссии университета и председателем профкома факультета «Механика и нефтегазовое дело».


Серикбаев Б.Е. является одним из организаторов и активным участником футбольного клуба «Академик», который был создан в Казахском химико-технологическом институте в 1979 году. Им организовано и проведено несколько турниров, посвященных памяти ветеранов ФК «Академик». Серикбаев Б.Е. принимает активное участие в спортивных мероприятиях, проводимых в городе и области.

За вклад в социально-экономическое, общественно-политическое развитие области и высокие показатели в труде Серикбаев Б.Е. награжден Почетной грамотой Туркестанского областного маслихата.

Вдвоем с супругой воспитали дочь и двух сыновей, от которых имеют пятнадцать внуков.



Научную деятельность Серикбаев Б.Е. начал в 1986 году младшим научным сотрудником кафедры «Химическая технология вяжущих материалов». Затем учился в аспирантуре кафедры ХТБМ. После окончания аспирантуры для завершения диссертации работал научным сотрудником в Научно-исследовательском институте специального материаловедения с опытно-промышленным предприятием. В 1996 году защитил диссертацию на соискание ученой степени кандидата технических наук. Научная работа Серикбаева Б.Е. посвящена получению гранулированных шлаков пониженной влажности (гранулированные шлаки используются в качестве активной минеральной добавки при получении цемента). По результатам научной деятельности Серикбаевым Б.Е. опубликовано около 100 научных и методических трудов, в том числе получено более 30 авторских свидетельств, патентов и предпатентов, издано 5 учебных пособий. Основные публикации и изобретения Серикбаева Б.Е. посвящены установкам по получению гранулированного шлака пониженной влажности и их усовершенствованию.



ХИМИЯЛЫҚ ҚАРУ МЕН РАДИАЦИЯНЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРІ

Адамның іс-әрекеті нәтижесінде биосфераның радиациялық ластануы өте үлкен қауіп төндіріп отыр. Қазіргі кезде радиоактивті заттар өте кең қолданылуда. Осы элементтерді тасымалдауда болатын немқұрайлықтың нәтижесінде өте күшті радиациялық ластану болады. Мысалы, атом қаруын сынақтан өткізу биосфераның радиациялық ластануына әкеліп соғады. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап түрлі атом электр станциялары, мұз жарғыш кемелер, ядролық қондырғылары бар сүңгуір қайықтарды кең түрде пайдалана бастады. Өнеркәсіп пен атом энергиясын пайдаланатын мекемелер дұрыс жұмыс істегенде қоршаған ортаның радиоактивті нуклидтермен ластануы өте аз мөлшерде болады. Осы атомдық энергияны пайдалатын мекемелерде авария болған кезде жағдай өзгеше болады. Радиациялық ластану нәтижесінде түскен радиоактивті шөгінділердің өзі бірнеше мыңдаған километрге дейін таралады.



Қазіргі кезде әскери өнеркәсіптің радиоактивті қалдықтарын сақтау мен жою мәселесі тұр, ол қалдықтар жыл санап қоршаған орта үшін аса қауіпті бола түсуде. Олар қоршаған ортаны радиоактивті элементтермен және радиациялық сәулелермен ластайды. Сонымен қатар атом өнеркәсібі радиоактивті қалдықтардың көзі болып, адамзатқа жаңа үлкен қауіп және әлі шешімін таппаған мәселені – оларды көму мен жою мәселелерін алып келді. Космостан келетін космостық сәулелерден тәжірибе жүзінде адамзат баласының қорғануына ешқандай мүмкіндігі жоқ. Ол 1000км атмосфералық қабаттан лезде өтіп кетеді де жер шарына түгелдей таралады. Әлем ғалымдарының болжаулары бойынша XXI-ғасырдың алғашқы ширегінде планетамызда энергетикалық қордың тапшылығы сезілу қаупі бар, оның шикізатына деген талас күшеюде.

Мұндай адамзат цивилизациясына төнген экологиялық қауіп-қатер ең жоғарғы мемлекетаралық деңгейде мойындалып отыр. Сөйтіп адамзат құндылығының кейбір шкалаларын қайта қарастыру қажеттілігі пайда болуда. Бүгінгі таңда иондаушы сәулелердің антропогендік көздері көптеп табылуда. Олар қоршаған ортаны ластаумен қатар әртүрлі биологиялық кері нәтижеліліктің басты себепкері болуы әбден мүмкін. Радиоактивті ластанумен күресу тек алдын алу сипатында ғана болады. Себебі табиғи ортаның мұндай ластануын нейтралдайтын биологиялық ыдырату әдістері де, басқа да механизмдері де жоқ. Қоректік тізбек бойынша тарала отырып (өсімдіктерден жануарларға) радиоактивті заттар азық-түлік өнімдерімен бірге адам ағзасына түсіп, адам денсаулығына зиянды мөлшерге дейін жиналуы мүмкін.

Радиациялық экология - аралық ғылымдарға жататын, табиғаттың адамға әсерін зерттейтін, биосфера мен адамзаттың антропологиялық жүйесін, оның топтары және жеке түр арасындағы қарым-қа-

тынас заңдылықтарын зерттейтін кешенді ғылым. Бұл ғылымдар шын мағынада бірдей құбылыстарды, яғни 4 орта факторларының адамға тигізетін әсерін және оның адамдар денсаулығын қалыптастырудағы жолдарын бағалауын зерттейді. Қазіргі таңда ғылымда адам жайлы ақпараттар өте көп болғандықтан, оны зерттеуде талдамалы (аналитикалық) емес, синтетикалық түрде қарастыру керек. Радиациялық экология - бұл жас, сонымен бірге қарқынды дамып келе жатқан ғылым. Радиоэкология қарастыратын мәселелері мен түсініктері әрқашанда толықтырылып отырады. Радиоэкологияны зерттеуде, оның құрамына экологиялық физиология, медициналық экология, әлеуметтік экология секілді басқа ғылымдар пайда болды. Осының негізінде радиациялық экологияға әр түрлі түсінік беруге болады, мысалы: 1. Ғылымдардың әр түрлі салаларға (жаратылыстану, сондай-ақ қоғамдық) бөлінуі. 2. Салалық ғылымдарды қалыптастыратын кешенді ғылымдар. 3. Адамның қоршаған ортаға деген қарым-қатынас мәселесі: «адам орта» (антропоэкологиялық көзқарас). Радиациялық экологияның негізгі мақсаты (әр түрлі саладағы адам туралы ғылымдардың ілімін талдай отыра) қоршаған орта факторларының зиянды әсерлерін азайту, денсаулықты нығайту. Жерде, жалпы адамның табиғатпен гормониялық тепе-теңдікте болу, адам өміріне қолайлы жағдайлардың жасалуы болып табылады. Радиоэкологияның жеке пәнге бөлінуіне иондық сәулеленудің адам әрекетінің түрлі саласында кеңінен пайдаланылуы, радионуклидтердің қоршаған ортаға бөлінуі мен оның биотаға әсері септігін тигізді. Ғалымдардың назарында иондық сәулеленудің табиғи фонының биологиялық ролімен және оның эволюция процесі үшін мәніне байланысты мәселелер тұрды. Бұл оқулықты құрастырудың мақсаты болып студенттерге иондық сәулелену, олардың табиғи және антропогенді табиғаты бар экологиялық факторлардың арасындағы ролі



мен орнын қалыптастыру. Сонымен қатар, радионуклидтерді пайдалану әдістерін түрлі экологиялық зерттеулерде индикатор ретінде пайдалануға болатынын есте ұстау керек.

Радиация үлкен мөлшерде ұлпалардың күрделі зақымдайды, ал аз мөлшерде рак тудырып балаларда, немерелерде немесе одан кейінгі тұқымда да көрініс беруі мүмкін генетикалық ақаулар тудырады. Радиацияның аз мөлшері атом энергетикасының дамуымен байланысты болса, үлкен мөлшер медицинада рентген сәулелерін қолданумен байланысты болады.

Біздің республикада бұрынғы Семей ядролық сынақ полигоны үшін (СЯСП) радиация едәуір тұрақты әрі ауқымды мәселе болып отыр. Сынақтар жиі эвакуациясыз және жергілікті тұрғындарды ескертусіз, адамдарды радиацияның жоғары дозасын сіңіруіне алып келіп жүргізілген. Тіпті 20 жыл өтсе де аумақта радиациялық зақымдану, туа пайда болған ақаулар, анемия және лейкомия аурулары жиі кездеседі.

Радиоактивтілік те иондық сәулелену де Жер бетінде тіршілік пайда болғанға дейін біршама уақыт бұрын пайда болған. Иондық сәулелену сонымен қатар, үлкен жарылыспен бірге жүзеге асады. Космостық кеңістікті үздіксіз толтыра отырып радиоактивті материалдар Жер құрамына оның пайда болу кезінен бастап кірген.

Радиоэкология ғылым ретінде келесі бөлімдерді қарастырады:

- тіршілік процесіне әсер ететін ортаның иондық факторларының түрі мен сипаттамасының сәйкестігін зерттеу;

- тірі ағзалардың радиацияның табиғи не жасанды көздерімен қарымқатынасының ерекшелігін анықтау;

- тіршілік ортасындағы радионуклидтердің миграция процесін және

радионуклид айналымындағы популяция мен биоценоздың ролін анықтау;

- белгілі бір сатыда бионттардың соматикалық және генетикалық функцияларына әсер ететін ортамен құрылған радиационды дозалық жүктемені анықтау;

- жеке ағзалармен де, бүтіндей қауымдастықтармен де сыналатын дозалық жүктеменің құрылуына әсер ететін жағдайларды зерттеу.

Радиоактивті ластану – қоршаған ортаны өте қауіпті әсер әкелетін физикалық ластанудың түрі. Бұл ластану адам денсаулығы мен тірі организмдерге радиациялық сәулелену арқылы зиянды әсер жасайды. Қазіргі уақытта дамыған елдерде ядролық энергетиканың дамуына байланысты қоршаған ортаның радиациялық ластануы үлкен қауіп тудыруда. Ластанудың бұл түрі химиялық кейін екінші ортаға шықты.

Радиациялық ластануды мынадай топтарға бөледі: 1) Радиоактивті заттардың бөлінуінің нәтижесінде пайда болатын альфа- (гелий ядросы), бета – (жылдам электрондар) бөлшектердің және гамма – сәулеленулердің әсерінен болатын радиациялық ластану (физикалық ластану түрі). 2) Қоршаған ортадағы радиоактивті заттардың мөлшерінің көбеюіне байланысты болатын ластану (химиялық ластану түрі).

Энергия қуаты өте жоғары электрондарды атомнан ажыратып, оларды басқа иондарға қосып, дұрыс және теріс зарядты иондар құрайтын сәулені ионды сәуле деп атайды. Табиғи жолмен ионды сәуле (шашатын элементтердің) ғарыштан келеді және тау жыныстарында орналасқан радиоактивті заттардан таралады. Радиоактивті сәуле шашатын элементтердің изотоптарын радиоактивті изотоп немесе радионуклид деп атайды. Атом бомбаларын сынау, атом электростанцияларын пайдалану көбейген сайын аспаннан түсетін және жерде жиналған радиоактивті қалдықтар тым көбейіп кетті. Басқа заттардың атомдары мен молекулаларына қосымша қуат ретінде өз сәулесін беретін ионды сәулелер корпускулярлық және электрлік магниттік болып екіге бөлінеді. Корпускулярлық сәулелер өз энергиясын кездескен барлық заттарға береді.

Радиациялық ластанудың негізгі көздері альфа, бета, гамма сияқты радиоактивті сәулелер. Альфа сәулелер – бұлар Гелийдің атом ядролары. Басқа сәулелермен салыстырғанда мөлшері үлкен ауадағы жолы бірнеше сантиметрден аспайды. Жолында кездескен заттарға адам денесі, терісі немесе қағаз беті арқылы тоқтайды. Бірақ сол тоқталған нүктесінде өте күшті иондық әсер қалдырады. Бета сәулелері. Бұлар жылдам электрондар. Мөлшері Гелий атом ядроларынан кіші ауадағы жолы ұзақ бірнеше метрге атылады. Атом денеге бірнеше сантиметрге сіңеді. Сәулені бір нүктеге емес, жүрген жол бойына шашады. Нейтрон сәулелері.

Электрлік қасиеті жағынан бейтарап элемент болғанымен атомдарға қалыпты жағдайынан ажыратқанда тура бағытталған атомдарды радиоактивті сәуле шашып, радиоактивті емес материалдар мен денелерден өтіп гамма сәулелерімен салыстырғанда жылдам нейтрондар он есе, баяу нейтрондар бес есе көп зиян келтіреді. Нейтронды сәулелер атом станциялары маңында атом жарылыстары болған жерлерде көп жиналады. Осы сәуленің әсеріне жаңа радиоактивті заттар пайда болып қоршаған ортаға 5 тарайды. Корпускулярлық сәулелер болғандықтан жолда кездескен барлық заттарға сәулелерін шашады.

Гамма сәулелері. Электрлік магниттік сәулелер қатарына жатып, күн сәулесі ұзақ қашықтыққа шашыратады. Толқындарының ұзындығы бетта сәулелерінен қысқа, денеден оңай өтіп ешқандай әсер қалдырмауы да мүмкін. Егер шашырап тарайтын сәуле болса, онда жол бойы ионды әсер қалдырады. Сонымен, альфа, бета, гамма сәулелері осы ретпен тұрса сәулелердің денеге өтуі күшейеді де, иондық әсері азая береді.

Қазіргі кезде бір рет немесе ұзақ уақыт бойы кісі денесіне өткен ионды сәулелердің әсері жақсы зерттелген адамдардың ауру қаупі ең алдымен денеге жинақталған ионды сәулелердің мөлшеріне байланысты. Бұл проблеманың өзіне тән бірқатар ерекшеліктері бар және олар табиғатты қорғаудың жекелеген басқа міндеттерінен мүлдем өзгеше. Біріншіден, табиғатты қорғаудың барлық басқа проблемалары (суды, ауаны, жерді, орманды, жануарлар әлемін, т.б. қорғау) қайсібір дәрежеде бұрын алып келген. Екіншіден, радиоактивтілік ластану географиялық қабықтың барлық сфераларына және оның барлық компоненттеріне тікелей әсер етеді.

Мұның өзі радиоактивтік фонның қалыңдауына қарсы күресті ерекше қиындатады және күрделендіре түседі. Үшіншіден, антропогендік радиацияның биосфераға ықпалының деңгейі шұғыл қарқынмен өсіп келеді. Осының бәрі биосфераны радиоактивті ластанудан қорғау жөніндегі арнаулы шаралар қолдануға мәжбүр етеді. Радиоактивтілік – адам өміріндегі маңызды орын алатын үлкен ғылым жаңалығы болып табылады. Ал бұл құбылыстың ғылымдағы маңызы қаншалықты зор болса, оның ағзаға, табиғат пен қоршаған ортаға, жер бетіндегі барлық тіршілік иелеріне келтіретін зиянының да бар екенін ұмытпау керек. Радиоактивті ластану бүкіл адамзатты толғандыратын, бүгінгі таңдағы өте өте өзекті мәселелердің бірі. Ол – жеке аймақтың ғана емес, планетарлық масштабтағы проблема.

Сондықтан да, тұрғындарды қорғау жөніндегі мемлекеттік шаралар ластану дәрежесін есепке ала отырып, бүкіл аумақтарды қамти отырып жүргізілуі қажет. Әрине, біздің қоғамымыз ұлы державаларды ядролық қаруды сынауды тоқтатуға мәжбүр ете алмас па. Бірақ, халықтың радиациялық проблемаларды шешуге белсенділік танытуы біздің қолымызда.

Б.З. УСЕРБАЕВА
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
Зерттеу
Университеті колледжінің химия пәні
оқытушысы

«Армандарым жетелейді биікке...»

"Өмір"

Күлкі ойнатар, жабырқаған сәттерді,
Кейде өкініп, шыдап баққан, сәт келді.
Бұл өмірдің ақиқатын, жалғанын,
Құба талдай бәрін білер шақ келді.

Өмір деген ақиқат па, жалған ба?
Сүрінгенде сүйеу болар заман ба?
Жылағанда тіреу болып жұбатар,
Мына өмір мәңгілік боп қалар ма?

Қуанғанда, биік құздан құлатып,
Өкінгенде, еске алып, жылатып,
Жалбарынып жаратқаннан сұрадық,
Осылардың бәріне көніп жүріп, құладық.

Жалған дүние бәріңді де алдайды,
Бұл тіршілік жер бетінде қалмайды.
Бір-бірімен араздасып жүргендер,
Құрығыңды еш байлаусыз, жалмайды.

Тіршіліктің ырғағы да бұзылып,
Бір телміріп, бәрі қиғаш құбылып.
Бес күн жалған мына күннің ішінде,
Айтам саған қадірін біл барыңның.

Тәңір саған қиындықты берген соң,
Шалынсаң да, өмір өте береді.
Осы кезде тірі болып жүргенмен,
Қиын сәтте тәні бар біз, жансызбыз.

Өмір деген алдамшы ол - ертегі,
Сол ғажайып адастыра береді.
Ой-санама ерік берем өзім де,
Қиял-өмір алдайтыны белгілі.

Өмір жайлы жырлағанмен не пайда,
Шамам келмес, өзгертуге санаусыз.
Бір қамшының сабындаймыз, қып-қысқа,
Тура жолдан тайынғандай бәріміз.

Осалдықты танытпаудың орнына,
Аттап басып, еш өкінбей, жүреміз.
Алма-кезек ауысқандай мына өмір,
Ақ-қараны көру үшін келгенбіз.

Арманы жоқ пенделерге қарасам,
Еңбектері шырағымен сөнбейді.
Осы екен алма-кезек ауысқан,
Сара жолға салынбауды білмейміз.

Өттең, өмір жетелейді жанды елеспен,
Тіршілікті жалғастыру мәнді емес пе?
Келген қайтып келмейді екен бағынбай,
Пенделердің пейілдерін танымай.

Сақтай білсек, қиын кезде сабырды,
Тура жолға жетелейтін тәңірім.
Бұл өтпелі кезеңді біз, білмейміз,
Аман кезде, тірі адамның қадірін!

"Арман"

Армандарым жетелейді биікке,
Көкке самғаймын армандарым биікте.
Арманымның сөнбейтұғын шырағы,
Нәзік жаным қиялдарға тартады.

Ағады өмір сылдыраған бұлақтай,
Өмір өзен ағып жатыр тоқтамай.
Арман-қиял мазалаған шақтарда,
Жұлдыздарда тұрақтаймын жымыңдап.

Орнын тапқан кірпіштей боп қаланам,
Арманыма жетем самғап талпынам.
Жастығымды сарп етемін ізденіп,
Шың басында тұру үшін әрқашан.

Таң атуда мен әлі де ояумын,
Арман-қиял өмірімнің бөлшегі.
Жетем дедім өз-өзіме көндігіп,
Уәдем уәде орындаймын сендіріп.

"Алтын күз"


Айналамыз сары түске боялып,
Шабыт сыйлап, өмірден біз нәр алып,
Алтын дала-алтын күздің бастауы
Тамылжыған кездеріңде демалып.

Аспандағы мамық бұлттар керіліп,
Кең далаға мейіріммен көрініп.
Күндей күліп, сәуле шашып, тербеліп,
Шұғылалы шуағыңнан беріліп.

Өмірдегі көзқарасты өзгертіп,
Тұрады екен гүл шоғы да өзгеріп.
Құштарлығың қанша артып тұрса да,
Толы екен береке мен молшылық.

Көк аспанда ұшып жүрген құстарды,
Табиғатын сағынғандай сызылып.
Жырдан алқа, нұрдан сырға тағып ап,
Қолға алдың қызыл шоқтың үзгін.

Ханшайымдай көңілденіп алтын күз,
Бір жымыңдап, сәуле шашты күніміз
Кең даламыз нұрланады күн сайын,
Мейіріммен шуақ төккен алтын күз!



Авторы: Жасмин ТӨЛБАСИЕВА
ФИ-24-11КР тобының студенті

"Балалық шақ"

Естен кетпес баяғы балалық шақ
Дәл сол сәтті бүгінгіге еске алып
Ешнәрсені ойламай, уайым да жоқ
Сүтке тойған қозыдай жатып алып.

Қайта оралып келмейтін қызықтарың
Жүгіруші ек, ойнап біз, асыр салып
Қоңыраудың сыңғырын естіп алып
Жаныңнан еш кетпейді балалығың

Анамыздың құшағында еркелеп
Ұмытылмас қызықтар жанды оятып
Үлкен болып өскенше, шаттық үнің
Сыңғырлаған дауысы бар күлкіңнің.

Балалық шақ, қайталанбас уақыт қой,
Тамашалап қарасаңшы бақытқа.
Ұмытуға болмайды деп ойлаймын
Достарыңмен бірге өткізге шаттықты



Әлемдік кофе индустриясы: Бағалар, трендтер және болашақ сын-қатерлер

Кофе – бүгінде тек таңғы сусын ғана емес, жаһандық экономиканың маңызды құрамдас бөлігі. Жыл сайын бұл нарық жүздеген миллиард доллар айналым жасайды және әлемнің миллиондаған фермері мен компаниялары осы салаға тәуелді. Соңғы жылдары кофе индустриясы баға тұрақсыздығы, климаттық өзгеріс және жеткізу тізбегіндегі қиындықтар сияқты жаңа сынақтарға тап болды. Дегенмен, саланы дамытатын жаңа трендтер мен инновациялар да айқын көрініс табауда.

1. Нарықтық бағалар мен тұтыну динамикасы

Соңғы жылдары кофе бағаларының құбылмалылығы күшейді. International Coffee Organization (ICO) деректеріне сүйенсек, Арабика мен Робуста фьючерстерінің құны өсіп келеді. Бұған әсер еткен негізгі факторлар:

Жаһандық инфляция – шикізат бағасының жалпы көтерілуі;

Логистикалық қиындықтар – тасымал шығыны мен жеткізу уақыттарының ұзаруы;

Климаттық өзгерістер – Бразилия мен Вьетнамдағы құрғақшылық пен шамадан тыс жауын-шашын.

Тұтыну сұранысы тоқтаған жоқ, керісінше артып келеді. Қытай, Үндістан секілді дамушы елдерде кофе мәдениеті кеңейіп жатыр.

2. Тұрақтылық пен қауіпсіздік – басты назарда

Климаттың өзгеруі кофе өндірісіне аса үлкен қауіп төндіруде. Ғалымдардың есебі бойынша, жабайы кофе түрлерінің 60%-дан астамы жойылу қаупінде.

Компаниялар мен ұйымдардың негізгі жауаптары:

Регенеративті ауыл шаруашылығы – топырақ пен суды тиімді пайдалану;

Сертификаттау жүйесі – Rainforest Alliance, Fairtrade, т.б.;

Халықаралық ережелер – мысалы, ЕО-ның EUDR орман кесу туралы заңы.

Nespresso регенеративті сертификатталған кофені нарыққа шығарған алғашқы брендтердің бірі болды.

3. Инновациялар мен жаңа нарықтық трендтер

Кофе индустриясы технологиялық жетілдірулерге және тұтынушы сұранысының өзгеруіне бейімделуде.

Блокчейн – дәннің шыққан елін қадағалау; Агробақылау технологиялары – зиянкестерді анықтауға арналған платформалар; Функционалды кофе – ақуызды және пайдалы қоспалармен байытылған өнімдер;

“Үшінші толқын” кофесі – Еуропада specialty coffee мәдениетінің өсуі (Румыния, Испания және т.б.).

4. Ірі компаниялардың жаңа стратегиялары

Нарықтағы жағдайға байланысты трансұлттық компаниялар стратегияларын өзгертуде.

Starbucks – АҚШ пен Канададағы кей дүкендерін жауып, технология және кадрлық оқытуға \$1 млрд инвестиция салуда;

Louis Dreyfus Company (LDC) – саудадағы операциялық пайдасының өсуін тіркеді.

Бұл – шығынды азайту және тұтынушымен цифрлық байланыс орнату мақсатын көздейді.

Қорытынды

Кофе индустриясы қазіргі уақытта бетбұрысты кезеңде. Бағалардың құбылмалылығы, климаттың өзгеруі және жеткізу тізбегіндегі кедергілер әлі де өзекті. Алайда:

- инновациялар,
- тұрақты даму стратегиялары,
- жаңа тұтынушылық трендтер

кофенің жаһандық келешегіне оң әсер етуде.

Саланың болашағы өндірушілер, технологиялық компаниялар және тұтынушылар арасындағы жаңашылдық пен ынтымақтастыққа тәуелді.



Айым Бахытхұлқызы
ФИ-24-11К2 тобының 2 курс студенті